

# Сабақтас құрмалас сөйлем

- Құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер қалай байланысады?
- Салаласа байланысқан құрмаластың түрі қандай болады?
- Салаласа, сабақтаса байланысуына қарай құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді?
- Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- Салалас құрмалас сөйлем қалай байланысады?
- Салалас құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді?

**Талғаулы  
салалас**

**Кезектес  
салалас**

**Түсіндірмелі  
салалас**

**Құрамындағы жай  
сөйлемдерінің бір-бірімен  
мағыналық қарым-  
қатынасына қарай, салалас  
құрмалас сөйлем алты  
түрге бөлінеді:**

**Ыңғайлас  
салалас**

**Себеп-салдар  
салалас**

**Қарсылықты  
салалас**

Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін сабақтас құрмалас сөйлем дейміз.

Сабақтас құрмаластың өзіндік белгілері:

1. Сабақтас құрмаластың құрамында екі немесе одан да көп сөйлем болады да, ол күрделі, тұтас бір ойды білдіреді.
2. Сабақтастың сұраққа жауап беретін және баяндауышы тиянақсыз болып келетін жай сөйлемді басыңқы сөйлем, ал баяндауыштары тиянақты, өздігінен дербес айтыла алатын жай сөйлемді басыңқы сөйлем дейміз.
3. Сабақтастың бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі істің, оқиғаның қалай, қашан, не үшін, неліктен болып жатқандығын, болуға тиістілігін, болғанын білдіреді. Осыған байланысты сабақтас шартты, қарсылықты, себеп –салдар, қимыл-сын, мезгіл, мақсат басыңқы болып алтыға бөлінеді.

Бағыныңқыларының баяндауыштары жіктелген және жіктелмеген көсемше, шартты райлы етістік, септеулік шылау тіркескен есімше мен тұйық етістіктер болы келеді.

Сабақтастың сөйлемдері өзара мағына, қосымша, интонация арқылы байланысады.

Сабақтастың сөйлемдерінің арасына үтір қойылады.

*Бір кезде орман шуылдап, дауыл соқты.* ып -бағыныңқының баяндаушы етістіктің көсемше түрінен болады.

*Жақсы, үлгілі комбайыншы бала алсақ, бұдан артық қандай абырой бар!*  
– шартты райлы етістік.

*Бағыныңқының баяндауышы есімшіден болады:*

А) *есімшеге ша, -ше, -дай, -дей* жұрнақтары немесе жатыс, көмектес септікжалғаулары, болмаса –дықтан, -діктен қосымшасы жалғану арқылы жасалады. *Хамит пен Кенжебектің қарасы үзілгенше, Қалиша мен Ермек үйге кірмеді.*

Б) есімшеден кейін *сайын, соң, бері, шейін, бұрын* шылаулары немесе *кезде, шақта, уақытта* көмекші сөздерінің келуі арқылы жасалады.

*Елдің бәрі үйді-үйіне ағылған кезде, ол орныннда қозғалмастан тұрып қалды.*

**Қарсылықты  
бағыныңқы**

**Шартты  
бағыныңқы**

**Себеп  
бағыныңқы**

**Сабақтас сөйлемдер  
құрамындағы бағыныңқы  
сөйлемдерінің басыңқы  
сөйлемдерімен мағыналық  
қарым-қатынасына қарай  
алты түрге бөлінеді:**

**Мақсат  
бағыныңқы**

**Қимыл-сын  
бағыныңқы**

**Мезгіл  
бағыныңқы**

**Сабақтас құрмаластың сөйлемнің жасалу жолдары  
қандай болады?**

Бағыныңқының баяндауышы	Тұлғалық белгісі	Сұрауы	Сөйлемдердің сызбасы
1. Шартты рай	<i>-са, -се</i>	Қайтсе? (Не етсе?)	/...../ <i>тыңдаса,</i> /_____/.
2. Көсемше	<i>-ма + й</i> <i>(-ме + й)</i> <i>-майынша</i> <i>(-мейінше)</i>	Қайтпей? (Не етпей?) Қайтпейінше? (Не етпейінше?)	/...../ <i>таппай,</i> /_____/. /...../ <i>үйренбейінше,</i> /_____/.
3. Есімше	<i>-ған + да</i> <i>(-ген + де)</i>	Қайткенде? (Не еткенде?)	/...../ <i>болмағанда,</i> /_____/.

**I. Бағыныңқы жақ:**

**Басыңқы жақ:**

Айт

са \_\_\_\_\_ түсінеді  
қан+да \_\_\_\_\_ түсінетін еді  
па+й (ынша) \_\_\_\_\_ түсінбейді

**II. Бағыныңқы жақ:**

**Басыңқы жақ:**

Айт

са да \_\_\_\_\_ түсінген жоқ  
қан+ша \_\_\_\_\_ түсінсең еді  
қан+мен+де \_\_\_\_\_ түсінер емес  
қанына қарамастан \_\_\_\_\_ түсініп алды



***Мысалы:***

***1. Күн шығып, ел тұра бастады, - Нұрлан әлі жоқ.***

***Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.***

***2. Қорған кезінде топырақ араластыра тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шеңгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр.***

***Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.***

Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.

Сызбасы:


*бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.*

- *Салалас құрмалас сөйлем қандай тыныс белгілері арқылы жасалады?*
- *Сабақтас құрмалас сөйлем мағыналық қатынасына қарай неше түрге бөлінеді?*
- *Сабақтас құрмалас сөйлем қандай тыныс белгілері арқылы жасалады?*
- *Сабақтас құрмаластың сөйлемнің жасалу жолдары қандай болады?*
- *Сабақтас құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді?*

# *Венн диаграммасы*

**Салалас құрмалас  
сөйлем**

**Сабақтас  
құрмалас сөйлем**



*Үйге тапсырма:*

*122-жаттыгу. Ереже жаттау.*